

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 08 сәуірдегі N 442 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 07 мамырда N 5-19-97 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 2/83 хаты

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010.01.15 № 2/83 хаты.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19, 20, 23-баптарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан- желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 Жарлығына сәйкес Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру және жөнелту жүргізілсін.

2. Аудандық шақыру комиссиясының жеке құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын және бекітілсін.

3. Аудандық шақыру комиссиясының 2009 жылғы сәуір-маусымындағы, қазан-желтоқсанындағы жұмыс кестелері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін. Шақыру комиссиясының жұмысы мына мекен-жай бойынша жүргізілсін: Шемонаиха қ., Гагарин көшесі, 9.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Шемонаиха ауданы әкімдігінің

4. Қала, кенттер және ауылдық округтердің әкімдеріне азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақытында және ұйымшылдықпен өткізу ү ш і н :

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақытында келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды тасымалдау кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруымен жүргізілсін;

3) комиссияға қажетті құжаттарды дайындап тапсыруды қамтамасыз етсін.

5. «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестігі» КМҚК директорына (Т.М. Абайделдінов келісім бойынша) медициналық комиссияның жұмысын, кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылушы азаматтардың сапалы куәландыруларын бақылауға алу ұсынылсын. Шемонаиха қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (ҚІБ) аудандық дәрігерлік комиссиясын маман дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметшілермен жинақтау шаралары қабылдансын. Шемонаиха ҚІБ дәрігерлік қамтамасыз етуіне байланысты шығындар төлемі шарт негізінде жү р г і з і л с і н .

6. «Шығыс-Қазақстан облысының Ішкі істер департаментінің Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» ММ бастығына (Қ.Т. Синиязов келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан бұлтартқан азаматтарды іздеу және жеткізу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пункттерінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын. ҚІБ аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

7. Ішкі саясат (Т.С. Степанова), мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне (Ә.К. Селтеева) шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және шақырушылардың салтанатты аттануын өткізуге белсене қатысып, командалардың құрылуы мен аудандық шақыру пунктінен аттандыруға дейін Қарулы күштердің соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулері ұйымдастырсын.

8. Аудандық қаржы бөлімінің бастығына (Н.Р. Крузмягина) 2009 жылға арналған аудандық бюджетпен белгіленген мөлшерде, азаматтарды шақыруды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды жүргізісін.

9. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына азаматтарды шақыруды мерзімінде және ұйымдастыруды жүргізу үшін 2009 жылғы 1 сәуірден бастап 4 адам санында (тех.қызметкерлер) жұмысқа алынсын. Төлем 2009 жылға арналған бюджетте белгіленген қаржы шегінде жүргізілсін.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Л . А . Б е л я е в а ғ а жү к т е л с і н .

11. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

Г.Ермолаев

Шемонаиха ауданы әкімдігінің

2009 жылғы 08 сәуірдегі

№ 442 қаулысына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгертістер енгізілді - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009.09.24 № 595 қаулысымен.

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу жөніндегі аудандық комиссия құрамы

Чурбанов Марат Дәулетқанұлы	- Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, комиссия төрағасы;
Беляева Любовь Алексеевна	- аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия мүшелері:	
Ерлан Армиянұлы Габдуллин	- аудандық ішкі істер бөлімінің орынбасары (келісім бойынша);
Жампеисова Төлеужамал Ағзамқызы	- аудандық терапевт, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша);
Соколова Гүлбану Степановна	- медицина медбикесі, медициналық комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Шемонаиха ауданының әкімі

Г.Ермолаев

Шемонаиха

ауданы әкімдігінің

2009 жылғы 08 сәуірдегі

№ 442 қаулысына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша кестемен толықтырылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009.09.24 № 595 қаулысымен.

Шемонаиха ауданының 1982-1991 жылы туған азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

р/с №	Ауылдық округ атауы	барлығы	сәуір						
			08	09	10	13	14	15	16
1	Вавилон	20	20						

2	Верх-Уба	15	15						
3	Волчанка	26	15	11					
4	Выдриха	12		12					
5	Зевакино	11		11					
6	Каменев	18		16	2				
7	Октябрьский	9			9				
8	Разин	16			16				
9	Усть-Таловка	35			23	12			
10	Первомайский	43				38	5		
11	Шемонаиха қ.	120					45	50	25
	Барлығы	325	50	50	50	50	50	50	25

кестенің жалғасы

р/с №	А у ы л д ы қ округ атауы	барлығы	сәуір		мамыр				маусым			
			17	24	06	13	20	27	03	10	17	24
1	Вавилон	20	ке			ку						
2	Верх-Уба	15		л			ә					
3	Волчанка	26			меу			ла				
4	Выдриха	12							н			
5	Зевакино	11								ды		
6	Каменев	18									ру	
7	Октябрьский	9										
8	Разин	16										
9	Усть-Таловка	35										
10	Первомайский	43										
11	Шемонаиха қ.	120										
	Барлығы	325										

Шемонаиха ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы М.Чурбанов
Шемонаиха ауданының азаматтарын 2009 жылы
қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды жүргізу
КЕСТЕСІ

р/ с №	С е л о л ы қ о к р у г атаулары	бар- лы- ғы	қазан										
			1	2	5	6	7	8	9	12	13	14	15

3	Волчанка	98												ме
4	Каменевка	96												
5	Усть-Таловка	224											ку	
6	Октябрьское	51												а
7	Разин	57												
8	Верх-Уба	97												
9	Зевакино	79												
10	Первомайский	171												
11	Шемонаиха қ.	498	50	50	50	50	50	50	50	50	50	3		
	барлығы	1553	50	50	50	50	50	50	50	50	50	3		

кестенің жалғасы

р/ с №	С е л о л ы қ о к р у г атаулары	барлығы	желтоқсан			
			2	9	16	23
1	Вавилон	112				
2	Выдриха	70				
3	Волчанка	98				
4	Каменевка	96	у			
5	Усть-Таловка	224				
6	Октябрьское	51				
7	Разин	57	ла			
8	Верх-Уба	97		н		
9	Зевакино	79			ды	
10	Первомайский	171				ру
11	Шемонаиха қ.	498				
	барлығы	1553				

*Шемонаиха ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы,
ПОДПОЛКОВНИК М. Чурбанов*